



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

[URL: http://www.dissercat.com/content/obrazy-roditelskoi-i-budushchei-semi-u-devochek-podrostkov-s-delinkventnym-povedeniem](http://www.dissercat.com/content/obrazy-roditelskoi-i-budushchei-semi-u-devochek-podrostkov-s-delinkventnym-povedeniem)

14. Костицына Е.А. Влияние типов семейного воспитания на образ ``Я" дошкольника и его отношение к родителям // Психологическая наука и образование. - 2001. - №2. - С.59-65.

УДК 159.9

ЕРІК МӘСЕЛЕСІНІҢ РЕСЕЙДЕ ЗЕРТТЕЛІНУІ

Мәжитова Гулзат

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Психология мамандығының 4 курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Б.Ш. Байжұманова

Ресей психологиясында ерік-жігердің механизмі мен мәнін анықтау мақсатында, жеке адам құрылымындағы ерік-жігер тұжырымдамаларының орнын анықтау мақсатында едәуір еңбектер бар.

Ю.Б. Гиппенрейтер өз еңбектерінде: «... ерік-жігер ұғымын ескермеуге талай әрекеттер болды: оны ғылыми психологиялық сөздіктен алып тастау, философияның іліміне өткізу немесе тіпті «жоқ» деп жариялау сияқты, дегенмен осы феномен туралы маңызды теориялар мен тәсілдердің авторлары өзінің ғылыми аппараттарының шеңберінде ерік-жігер мәселесін талқылауды қажет деп санады» - деп жазады [1].

Н.С. Ефимов еріктік көріністер тек адамзатқа тән екенін атап көрсетеді. Еріктік көріністер сананың дамуы мен ұжымдық еңбек процестерінен туындайды. Еріктік әрекеттер қоршаған әлемнің әсерімен анықталады, олар рефлексиялық сипатқа ие. Н.С. Ефимова барлық саналы өмір барысында адам өзіне қол жеткізуге бейім міндеттер жиынтығын белгілейді. Ол үшін қиындықтарды жеңу шартынан өту керек, яғни ақылды және физикалық күштердің қарқынды жұмысы, күш-жігерді жұмылдыру арқылы өту керек. Оның айтуынша, ерік-жігер психикалық үдерістердің бірлігін, жалпы функционалдық мақсатқа бағынышты әрекеттер - адамның мінез-құлқы мен белсенділігін саналы және арнайы басшылыққа алатын жүйеленген тұжырымдама. Ерік-жігер бастауын талдай отырып, М.И. Еникеев ерік-жігер баланың ересек адаммен сойлескенінде пайда болады дейді. Бала бірінші кезекте сыртқы тәртіпке сәйкес әрекет етеді және сөйлеу шеберлігімен өзін-өзі сөйлеу командаларын бере бастайды [2].

И.М. Сеченов өзінің «Мидың рефлекстері» атты жұмысында ерікті (ырықты) мінез-құлықты детерминисті (анықталған) ғана емес, рефлекторлы ретінде қарап, волюнтаризмге (еріктілікке) қарсы шықты.

Сеченов «адам өзінің ойы мен қалауына және әрекетіне сәйкес әрекет ете алатындықтан, ол мен оның арасындағы әрекеттердің арнайы ерікті күш болуы керек дегенді білдіреді, яғни бұл ерік деп аталады» [3].

Л.С. Выготский ерік-жігер мәселесін шешім қабылдау еркіндігімен байланыстырды және көбінесе адамға ерік әрекетінің басты бөлігі болып келетін таңдау жасау тән деді [4]. Л.С. Выготский ерікті немесе еркін мінез-құлық өзінің пайда болуында жалпы, әлеуметтік сипатқа ие екенін мәлімдеді және ерік-жігерлі адам мойынсұнуға бейім келеді деп ойлады [5].

Л.М. Веккердің айтуынша, ерікті реттеу интеллектуалды, жалпы әлеуметтік және эмоционалды-моральдық құндылықтардың қатысуымен жүзеге асырылады. Автор «ерік» ұғымын еркіндік ұғымымен синонимді деп ойламайды, бірақ оны тек қызметтің және мінез-құлықтың ерікті реттелуінің ең жоғары нысаны ретінде анықтайды [6].

Сондай-ақ, В. И. Селивановта ерікті реттеуді еркіндікке жатқызбайды, себебі оны еріктің бір формасы деп көрсетеді.

Туындаған қиындықтарды жеңу үшін В.И. Селиванованың ойымен байланысты, бірақ тек саналы-ерікті шиеленіспен байланысты, ерікті талдаудың негізін құраушы еркін, саналы және ерікті күш керек [7].

В. И. Селиванов былай деп жазады: «Ерікті реттеудің негізгі ерекшелігі - жеке адамның қиындық пен кедергілерді жеңу үшін ақылды және физикалық қабілеттерін саналы жұмылдыру» [7].

В.В. Иванников, бір жағынан, қиындықтарды жеңу жолындағы ерікті реттеу ретінде ерік мәселесін ашып, екінші жағынан, ерік-жігерді жеке тұлғаның мотивациялық құрамдас бөлігімен байланыстырды. В.А. Иванниковтың мәлімдеуі бойынша, ерік-жігер белгілі бір әрекеттер тудыратын себептерге жетіспеушілігі болған кезде басталады.

Автордың пікірінше, қиындықтарды жеңу әлсіз немесе болар-болмас мотивті күштірек немесе едәуір мотивпен ауыстыруға немесе жалғастыруға болатын кезде тиімді жүреді. Мысалы, көлік жүргізуші өзінің мотивациясын ол жарыста жеңсе, барлық сыйақылар қайырымдылық қорына өтуімен күшейтеді. Бұл жағдайда мотивация жаңа күш пен қуатқа ие болады [8].

Өзінің басқа да жұмысында Иванников қиындықтарды өту қабілетімен айқындалған, мақсатты әрекеттер мен қимылдарды жасай отырып, ерікті көріністерді еркін мотивациямен байланыстырды [9].

В.М. Аллахвердов таңдау еркіндігі мен ерік бостандығы мәселесін психологияда да, философияда да маңызды мәселе деп санайды. Автордың айтуы бойынша, гуманистердің пікірінше, адам еркін болған кезде ғана адам болып қалады.

Сондықтан, адамның еркін деп танылған жағдайда оның мінез-құлқы анықталмаған болып қалады, ол табиғи ғылыми түсініктеме бола алмайды.

Бірақ, адамның еркін екенін мойындауынан бас тартқан жағдайда, басқа да мәселелер туындайды - адамның мінез-құлқы автоматты түрде өзгереді, адам машинаға айналады. Осылайша, автор, мінез-құлықты түсіндіру мәселесі адамның еркіндігі мойындауымен де, қатаң детерминизмді жариялаумен де шешілмейді деген тұжырым жасайды [10].

Ерік мәселесін Л.С. Рубинштейнде өз шығармаларында қарастырған. Ол ерікті әрекеттерді конфликт ретінде ішкі қарама-қайшы үрдістер жағдайында орын алады деп тұжырымдайды.

Конфликт қазіргі уақытта адамда бар немесе қажетті тапсырма мен оның алдындағы тапсырманы орындағаннан кейін туындайтын жағымсыз салдарлар немесе қиындықтар арасындағы сәйкессіздікте байқалады [11].

Рубинштейн сондай-ақ «... еріктік актіні зерттеу іс-әрекетті зерттеуге тікелей бағытталған, немесе, керісінше, еріктік актіні зерттеу - бұл оны реттеу әдісі бойынша әрекетті зерттеу» деп белгілейді [11].

М.Я. Басов ерік-жігерді мінез-құлықты психикалық реттеу ретінде бірінші болып зерттеді. Ол ерік-жігердің төмендегідей анықтамасын берді – бұл барлық ақыл-ой функциялары реттелетін психикалық механизм, бұл ақыл-ой функциялары нақты қажеттіліктерге сәйкес қайта ұйымдастырылады. Басов ерік деп атаған, тұлға құрылымында реттеуші фактор болған жағдайда тұлға өзінің ішкі күйімен иеленуге қабілетті болады.

Басов зейін сезінуді, қабылдауды, әрекетті және ойлауды реттейтіндігін ескерек болсақ, онда ерік – зейін факторы болып табылады деп көрсетеді.

Автордың ойы бойынша, адамның ерік-жігері ойдың туындауына және іс-әрекеттің орындалуына себеп болмайды, бағыт-бағдар береді [12].

В.К.Калиннің ерік-жігері туралы түсінігі басқарушылықпен байланысты: «Ерік-жігер – бұл психиканың функционалдық құрылымының өзін-өзі басқаруын және жеке әрекеттер мен қылықтарда қызмет пен мінез-құлықты ресурстық шығын деңгейімен қамтамасыздандыруы түсінік механизмі жүйесі» [13].

Д.Н. Узнадзе ерік-жігердің механизмін әрекеттің, қимылдың немесе қызметтің туындауының бастамасы актуальды қажеттілік емес, мүлдем басқа қажеттіліктер екенін түсіндіреді.

Кез келген әрекетке мотив ретінде автор ниеттің бар болуымен немесе әрекетке бағдардың болуымен байланыстырады. Узнадзе айтқан бағдар адам қабылдауындағы шешім мен күшті күш-жігерді жұмылдыруда ақылға қонымды жағдай ретінде құрылып, пайда болады. Шешім қабылдау негізінде жатқан еріктікбағдарлар адам қажеттілігін қамтиды, олар «мұнда және қазір» жағдайында байқалады [14].

Жалпы алғанда, ерік-жігер мақсатты бағдарлау құрамына кіретін, белгілі жұмыстың орындалуына бағытын білдіретін адам санасының ішкі энергиясы ретінде анықталады.

Еріктің көрінуі оның өзінің ұмтылуы, қажеттілігі, тілегінжүзеге асыруға байланысты орындалатын әрекетінің қабілетінде көрінеді.

Бұл ұғым сондай-ақ қойылған мақсаттарды жүзеге асыра отырып, кедергілерді өту үшін адамның ішкі ресурстарды жұмылдыруына байланысты айқындалады.

Өмірде кез келген идеяны, қалауды және ұмтылысты іске асыру үшін адам психикасының ажырамас бөлігі – еріктілікті көрсете алуға қабілет керек.

Ерік-жігері бар адам мықты мінезі бар адам деген сөз, өзінің «Менін» көрсете алады.

Еріксіздік әлсіз сипатты мінезді адам, және оның әрекеті сыртқы жағдайға тәуелді екенін көрсетеді, нәтижесінде ол адамның өзін-өзі тұлға ретінде жүзеге асырмауына әкеледі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Гиппенрейтер Ю.Б. Введение в общую психологию. Курс лекций. М., 1995, с. 15.
2. Еникеев М.И. Общая и социальная психология: Учебник /. - 2-е изд., перераб. и доп. - М.: НОРМА: ИНФРА-М, 2010. - 640 с(259)
3. Сеченов И. М. Избранные произведения. М., 1953.
4. Выготский Л.С., Проблема воли и ее развитие в детском возрасте // Собр. соч. 6 т. Т.2. М.: Педагогика, 1982.
5. Выготский Л. С. Собр. соч.: В 6 т. М., 1983. Т. 3, 5.
6. Веккер Л. М. К постановке проблемы воли // Вопросы психологии. 1957. № 2.
7. Селиванов В. И. Волевая регуляция активности личности // Психологический журнал. 1982. № 4.
8. Иванников В.А. К сущности волевого поведения // Психологический журнал. 1985. № 3
9. Иванников В. А., Эйдман Е. В. Количественная оценка волевого усилия при напряженной физической работе // Вопросы психологии. 1986. № 5.
10. Аллахвердов В. М. Опыт теоретической психологии. СПб., 1993.
11. Рубинштейн С. Л. Основы общей психологии - СПб: Издательство «Питер», 2000 - 712 с. (519).
12. Басов М.Я. Воля как предмет функциональной психологии. Пг., 1922.
13. Калинин В.К. На путях построения теории воли//Психологический журнал. 1989. №2, с. 54.
14. Узнадзе Д. Н. Психологические исследования. М., 1966